

казан татары, башқұрт, қырым татары, түркімен, солтүстік Ауғанстан, Иран түркімендері мақал және нақыл деуді жөн деп санайды [6, 11]. Фразеологизмдердің қалыптасуында ұлттық дүниетаныммен қоршаған ортаға деген көзқарастың ұлттық колориті сақталып, халықтың салтпен дәстүрінің тұрмыстық дәреже мен күнделікті тіршіліктегі ролі айқын сезіледі. Ал, көркем шығармалар халықтың ғасырлар бойы ұлттық санасында жинақталған және сақталған тұрақты сөз орамдарын еркін игеруге аса бейім болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Халы қаралы қ Түркі стан Энциклопедиясы. - Алматы, Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2000 ж. Түркі тану – түркология: Ә.Қайдар, Ш.Ибраев. -594 б.
- 2 Уәлиханов Ш. Шығармаларының толық жинағы. - Алматы: Ғылым, 1978 ж. -260 б.
- 3 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005 ж. - 440 б.
- 4 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. -М., Советская Энциклопедия, 1966 г. 571 б.
- 5 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993 ж. -663 б. - кітап
- 6 Ozkul Çobanoglu. Turk Dunyasi Ortak Atasozleri Sozlugu. Ataturk Kultur Merkezi Yayını: 301/7. Ankara 2004. -519 б.
- 7 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: Зерттеу мәселелері. - Алматы: Атамұра, 2005 ж. - 240 б.
- 8 Яшар Кемаль. Катпа Мәмед. Роман. Орысшадан аударған Қалтай Мұхамеджанов. Алматы – 1981 ж. -336 б.
- 9 Диваев Ә. Тарту; Құраст.: Ф. Оразаева. - Алматы: “Ана тілі”, 1992 ж. -256 б.
- 10 Қайдар Ә. Халық даналығы. (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). - Алматы: “Толғанай Т”, 2004 ж. -559 б.
- 11 Omer Asım Aksoy. Atasozleri ve Deyimleri Sozlugu. Inkilap Basımevi, 2007. -1204 б. - кітап
- 12 Istanbul Uni versite si, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Nur Di li ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı Yüksek Lisans Tezi. Kazakça Atasozleri, Deyimler ve Turki ye Türkçesi. Istanbul – 2001. -448 б.

*References:*

- 1 Haly Karaly K Turki stan Ensiklope diasıy. -Almaty, Kazak ensiklope diasıy Bas redaksiyası, 2000 j. Turki tanu – turkologia: A.Kaidar, S.Ibraev. -594 b.
- 2 UAlihanov S. Sy garmalaryny n toly K jinagy. -Almaty: Gylym, 1978 j. -260 b.
- 3 Kaliev F. Til bilim terminde rinin tusındırme sozđı gı. -Almaty: Sozđik-SlovAr, 2005 j.- 440 b. –slovAr
- 4 Ahmanova O.S. SlovAr lingvistiche skih terminov. -M., Sovetskaja Ensiklope dia, 1966 g.571 b.
- 5 Ahanov K. Til bilimnin negizderi. –Almaty: Sanat, 1993 j. -663 b.
- 6 Ozkul Çobanoglu. Turk Dunyasi Ortak Atasozleri Sozlugu. Ataturk Kultur Merkezi Yayını: 301/7. Ankara 2004. -519 б.
- 7 MAdieva G.B., Imanberdieva S.K. Onomastika: Zertteu meseleleri. -Almaty: Atamura, 2005 j. -240 b.
- 8 Iasar Kemal. Katpa Mamed. Roman. Oryssadan audargan Kaltai Muhamedjanov. Almaty – 1981 j. -336 b.
- 9 Divaev A. Tartu; Kurast.: F. Orzaeva. - Almaty: “Anatili”, 1992 j. -256 b.
- 10 Kaidar A. Halyk danalygy. (Kazak maKal-mAtelderinin tusındırme sozđı gı jAne zertteu). - Almaty: “Tolganai T”, 2004 j. -559 b.

МРНТИ 16.01.09

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.07>

Жиренов С.А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ОРНИТОНИМДЕРДІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

### Аңдатпа

Мақалада адам баласының құстар әлемімен қатынасының мифтік кезеңдегі байланысының өткен дәуір мен бүгінгі заман аралығындағы арақатынасы лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастырылады. Этнос дүниетанымындағы орнитонимдердің қатысуымен жасалған мифтік мәтіндердің мәдени семантикасынан этностың әлем туралы түсінігінің тілдегі бейнесі талданады. Зерттеу жұмысында орнитонимдерге соның ішінде Самұрық құспен Құмай туралы қалыптасқан прецедентті мәтіндердегі логикалық, когнитологиялық, мифологиялық, поэтикалық, лингвистикалық модельдер жиынтығының тезаурусы түзілген. Қазақ мифологиясындағы орнитонимдер арқылы жасалған тілдік бірліктер этностың дүниетанымымен, мәдениетімен, психологиясымен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты екендігі көрсетілген. Этностың ұлттық болмысын

танымтал категориялардың біріне орнитонимдер туралы мифтік, ұлттық, халықтық түсінігінің жататындығы мақала мазмұнында баяндалады. Лингвистика ғылымының орасан зор мүмкіндіктері басқа ғылым салалары антропология, когнитология, психология, философия, мифология, т.б. тығыз қарым-қатынасының нәтижесінде анықталатындығы жан-жақты көрсетілген.

**Түйін сөздер:** лингвистика, мифология, орнитоним, когнитология, этнос, мифологема, тілдік бірлік

*Zhirenov S.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

## LANGUAGE PICTURE OF ORNITHONYMS IN KAZAKH MYTHOLOGY

### *Abstract*

The article examines the relationship between man and the bird world in the mythical period between the past and the present from a linguocognitive point of view. Cultural semantics of mythical texts with the participation of ornithonyms makes it possible to analyze the linguistic picture of the world in the worldview of an ethnic group. In the research work, a thesaurus of logical, cognitive, mythological, poetic, and linguistic sets of models was formed in well-established precedent texts devoted to ornithonyms, including Samruk kus and Kumai. The article notes that the language units created by means of ornithonyms in Kazakh mythology are closely related to the worldview, culture, psychology, and traditions of the ethnic group. One of the categories that reflect the national identity of an ethnic group is the mythical, national, and folk idea of ornithonyms. It is widely shown that the huge potential of linguistics is determined by the close interaction of other disciplines, such as anthropology, cognition, psychology, philosophy, and mythology.

**Keywords:** linguistics, mythology, ornithonyms, cognitology, ethnos, mythology, language unit

*Жиренов С.А.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан*

## ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА ОРНИТОНИМОВ В КАЗАХСКОЙ МИФОЛОГИИ

### *Аннотация*

В статье рассматривается взаимоотношение человека с птичьим миром в мифическом периоде между прошлым и настоящим с лингвокогнитивной точки зрения. Культурная семантика мифических текстов с участием орнитонимов дает возможность анализировать языковую картину мира в мировоззрении этноса. В исследовательской работе сформирован тезаурус логических, когнитивных, мифологических, поэтических, лингвистических наборов моделей в устоявшихся прецедентных текстах, посвященных орнитонимам, в том числе Самрук кус и Кумай. В статье отмечается, что языковые единицы, созданные посредством орнитонимов в казахской мифологии, тесно связаны с мировоззрением, культурой, психологией, традициями этноса. Одной из категорий, отражающих национальную идентичность этноса, является мифическое, национальное, народное представление об орнитонимах. Широко показано, что огромный потенциал лингвистики определяется тесным взаимодействием других дисциплин, таких как антропология, познание, психология, философия, мифология и др.

**Ключевые слова:** лингвистика, мифология, орнитонимы, когнитология, этнос, мифология, языковая единица

**Кіріспе.** Этнос дүниетанымындағы адам баласының сәбилік балаң кезіндегі ілкі түсініктерінің бастауында мифологиялық танымдық әрекеттер жатады. Әрбір этностың өздеріне тән этникалық мифтік дүниетанымы болады. Сол мифтік дүниетанымы этнос тілі арқылы бүгінге жеткен. Яғни, тіл мен мифті адам баласының рухани дамуынан, оның ақыл-ойы мен дүниетанымынан бөліп алып қарастыруға келмейді. Мифтік түсініктерде алғашқы адам баласының өмір мен өзін қоршаған әлемнің құбылыстары туралы реалды бейнесі жатса, оның барлығы тілдің аккумулятивтік қызметі арқылы бүгінге жеткен. Ал олай болса, тілді адам дүниетанымындағы мифтік қабаттарымен сабақтастыра қараудың маңызы өте зор.

Жалпы “Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заман адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол – өткенді саналы түрде бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қатесі қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозанының арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы” [1, 9]. Сондықтан мифологиялық бірліктерді әралуан лингвистикалық аспектіде зерттеу арқылы, этностың дүниетанымын, сенімін, мәдениетін, тарихын, әлеуметтік және мәдени даму жолдарын көрсетуге болады.

**Әдістеме.** Қазақ мифологиясындағы жиі кездесетін персонаждардың біріне орнитологизмдер жатады. Орнитологизмдер арқау болған қазақ мифтеріне *Самұрық құс, Құмай, Аққу, Бақ құсы, Бақыт құсы, Қарлығаш, Бүркіт* туралы аңыз әпсаналарын жатқызуға болады. Қазақ мифологиясындағы құстар бейнесі екі әлемді яки көкпенен жерді бір-бірімен байланыстырушы өзара дәнекерлеуші қызмет атқарады. Орнитологизмдерге қатысты мифтік түсініктердің бүгінгі күнге дейін көптеген нұсқадағы сарқыншақтары жеткен. Қазақ мифологиясындағы құстардың сакральдылық, культтық сипаты басым болып, күні бүгінге дейін тұрмыстық өмірде, тілдік қолданыста, символдық бейнелерде жиі кездесетіндігін байқауға болады. Қазақ мифологиясын зерделеуде Арғықазақ мифологиясынан тартып, бергі қазаққа дейінгі аралықта зерттеу жүргізген ғалым С.Қондыбайдың еңбектерінде, “Құстар және миф” мәселесі арнайы қарастырылған. Ғалым қазақ мифологиясындағы орнитологизмдердің орны мен ерекшелігі хақында былай дейді: “Құстар – ғалам моделіндегі орынды көрсетуші, яғни құбыжық мақұлықтар төменгі дүниенің жіктемесін, құстар – жоғарғы дүниенің жіктемесін көрсетеді. Құстың мифологиядағы басты көрінімдігі – оның қанаты, яғни қанаттың өзі жеке тұрып-ақ құсқа теліне береді” - дей келе, орнитологизмдердің мифологиядағы орнын, мифтік танымдық астарын, мифтік оқиғаларға қатысын былайша жіктейді:

“1. Құс – тотем, яғни адамзаттың не әкесі, не шешесі бола алады.

2. Құс жасампаз тәңіріе бола алады. Яғни құс кейіпті тәңіріе ғаламды жарату актісіне қатыса алады.

3. Құс тәңіриелердің елшісі (хабаршысы), яғни адамзат пен тәңіриелер арасындағы жалғастырушы буын (періште) рөлін атқара алады.

4. Құс – рухтың келбеттенуі.

5. Дуализм құстар бейнесіне де тән, яғни екі түрлі құс бір-біріне қарама-қарсы сипатқа ие болып, бірі – жағымды, екіншісі жағымсыз – сипатқа ие бола алады.

6. Құс кейпі басқа да кейіптермен араласа алады (мәселен, қанатты жылан да белгілі бір көрсеткіштері бойынша құс болып есептелеіне алады).

7. Құс – аса маңызды келбеттеуші (тұлғалаушы)” – ретінде құстардың ғалам бейнесін жасауға қатысатындығын, уақыт пен кеңістік аралығындағы маңызды орынға ие мифологема екендігін көрсетеді [2, 149-150.].

Қазақ этносының тұрмыстық өміріндегі әдет-ғұрпы мен ырым-тиымдары орнитологизмдермен астасып, олар туралы халықтың мифтік түсініктері тілде сақталған. Орнитологизмдерге қатысты этнос дүниетанымындағы мифтік түсініктер салт-дәстүрлермен сабақтасып жатады. Ондағы мифтік түсініктер, мәдени мәнділіктер, астарлы сырлар небір тарихи мифтік түсініктер мен салт-дәстүрлерде (*үкі тағу/құда түсу рәсімінде; үкі тағар жоралғысы; домбыраның құлағына үкі тағу/көз тиюден қорғану; бас киімге үкі тағу/көз бен сөзден қорғану; сәйсуліктің кекіліне үкі тағу = машинаға үкі тағу/көз бен сөзден, қауіп пен қатерден, жол азабынан сақтану, т.б.*) мифтік семантика жасырынып жатады.

Қазақ халқы табиғатпен біртұтас өмір сүргендіктен, оның дүниетанымдық түсініктері де табиғатпен өзара бірлікте дамыды. Табиғаттың бір бөлшегі орнитологизмдер болса, орнитологизмдерге қатысты мифологемалардың туындауы табиғи заңдылық саналады. Жаратылыс пен оның жанды құбылыстарының мифологиялық өзіндік сыр сипаты, аңыздық астары, символикалық мәні, мифтік моделі болады. Осы жағынан келгенде қазақ мифологиясындағы орнитологизмдердің аспан мен жердің арасын жалғаудағы «дәнекерлеуші» яки екі әлемді бір бірімен байланыстырудағы рөлі мифтік сюжеттерден көптеп кездеседі.

Қазақ мифологиясындағы тілдің көрінісін зерттеген ғалым Қ.Ғабитханұлы “Құс тотемдерін” арнайы қарастыра келе, “ертедегі адамдардың дүниетанымында құс – жоғарғы әлемнің бейнесі, аспан тәңірімен тілдесіп тұратын, көк пен жерді байланыстыратын күш ретінде қаралған. Сондықтан ертедегі адамдар оны өзіне тотем санап табынған. Мәселен, қазақ қыздарының, сал-серілерінің тақиясына тағылатын үкі қауырсыны, көктің, яғни үстіңгі әлемнің көрінісінің белгісі. Жалпы құс қауырсындарын төбеге қадау арқылы ертедегі адамдар аспан әлемін шартты түрде кескіндеген, өзінің көкке, тотем санаған объектісіне деген құрметін білдірген” дегенді айтады [3, 20]. Яғни, этнос дүниетанымындағы жанды да жансыз табиғаттың әр бөлшегінің соның ішінде құстардың да өзіндік дүние болмысын жасаудағы қызметі барын көрсетеді.

**Нәтижелер.** Қазақ мифологиясындағы құстардың қатысуымен жасалған сюжеттерден Жер мен Аспанның байланысын түзуде құстардың орны ерекше саналады. Табиғаттың ажырамас бір бөлшегі құстардың түрі өте көп болғанымен мифтік сюжеттерге қатысатындарының саны көп емес. Қазақ мифологиясындағы басты кейіпкерлердің бірінен саналатын образ – *Самұрық құс* бейнесі.

“Самұрық – қазақ мифологиясындағы екі дүние арасындағы дәнекер болатын, қыран тәрізді алып құс. Самұрық құсы әлемдік ағаштың (Бәйтерек) шыңында тұрады. Аңыз бойынша Самұрық өлгенімен, қайта тіріле алады. Өлгенде де, тірілгенде де от болып жанады. Самұрық құсы адамша сөйлесіп, аңыздың негізгі кейіпкеріне өз рахметін айтады. Ұшқанда күннің бетін көлегейлей ынтымаққа бастайтын алып құс; қуаныштан шаттанып күлгенде аузынан будақ-будақ төгіліп аппақ гүлдер түсетін ғажайып құс; мұңая тұрып жылағанда жасаураған көзінен мөлдіреп моншақ-моншақ маржан төгілетін ғаламатқа бергісіз құс саналады” [4]. Самұрық құс – қазақ ертегілерінде әртүрлі бейнеде кездесетін, өзіндік алапат күш пен тылсым қасиетке ие. Самұрық құс қазақ аңыз-әңгімелерінде *Алып құс, Қара құс* секілді атаулармен де жиі ұшырасады. Әдетте, қазақ ертегілеріндегі өзге құстар көк пен жердің аралығына қатысты болса, Самұрық құстың ерекшелігі сол үш әлемге (*Аспан әлемі, Жер үсті әлемі, Жер асты патшалығы*) де байланысты болады. Самұрықтың үш әлемге

қатыстылығы әлемдік ағаш алып бәйтеректің басына ұя салуы, бәйтеректі пана тұтуы оның мифтік әсерін, культтық символикалық қуатын күшейте түседі.

Самұрық құс қазақтың мифологиялық мәтіндерінде әртүрлі бейнеде кездеседі. Мәселен, “Керқұла атты Кендебай” ертегісінде қара биенен туған алтын құйрықты, құндыз жүнді құлындарды жыл сайын самұрық дүлей қара бұлт ретінде үйіріліп келіп алып кетуі жағымсыз мәнде қолданылса, “Ер Төстік” ертегісінде Алып қара құс бейнесінде Ер Төстікке көмек қолын созушы (*Ер Төстік Алып қара құстың балапандарын айдаһардың аузынан аман алып қалады. Ер Төстіктің осы жақсылығына Алып қара құс онымен дос болып, Ер Төстікті жер астынан жер үтіне шығуына жәрдемдеседі*) бейнесінде суреттеледі. Сол секілді Самұрық құс туралы мазмұны мен эпизоды, сюжеті мен композициясы бір біріне жақын “Алып қара құс – Самұрық”, “Ақ қоян”, “Опасыз туыс” ертегілерінде жағымсыз бейнеде (*Ертеде бір шалдың мал дегенде жалғыз ала биесі болады. Ала бие күнге қарап буаз болып, айға қарап құлындайды екен. Алайда ала бие құлындаған сайын, құлыны аяқтана бергенде алып қара құс алып кете береді.*) кездеседі. Орнитологизмдердің мифтегі көрінісін сөз еткенде “Самұрық құс” бейнесі туралы аңыз-әңгімелердің мифтік бояуы қалың, оқиғасы күрделі, мағыналық иірімі сан алуан ойға арқау болатын мифологема екендігін көрсетеді. Қазақ мифологиясын зерттеуде өзіндік қолтаңбасы ерекше ғалым С.Қондыбай “Самұрық құс” бейнесін арнайы қарастырып, ол туралы күрделі ойдың кенеуін былайша ағытады. “Самұрық – иран мифологиясында “Симург” деп аталып жүрген құс бейнесімен тұтастырыла береді. Самұрық – иран мифологиясындағы сәуегей құс, оның есімі бүркіт пішінді “мэрэххо сазно” немесе “сайна-мрига” атынан шыққан делінеді, Самұрықтың шипа беру қасиеті “киелі таудан немесе аспанда өсетін өмір ағашынан өскін-бүршік әкелген бүркіт туралы” желгі еуразиялық мифтің жаңғырығы болса керек” дегенді айтады [2, 209].

Самұрық құс орнитологизмдер арқылы жасалған қазақ мифологиясындағы аңыз-әпсаналардың басында тұрған кейіпкер. Самұрық құс қазақ мифологиясында адамға достығымен, үлкен алапат күшке иелігімен, бірде жағымды бірде жағымсыз бейнесімен, көптеген аңыз-әпсаналарда жиі кездесуімен ерекшеленетін берісі түркілік, арысы әлемдік мифтегі персонаждардың бірінен саналады. Қазақ мифологиясында *Құмай құс* туралы біршама мифтік әңгімелер кездеседі. Бұл жердегі қазақ мифологиясы дегеніміз шарттылыққа негізделеді. Мифологияның есте жоқ ескі замандардан бастау алатындығын ескерсек, түркі мифологиясы түп атамыз екендігі анық. Түркі мифологиясындағы *Құмай құс* өмірде бар, бірақ өте сирек кездесетін құстардың бірінен саналады. Тілдік қолданыста *Құмайдың* өзінен гөрі Тазымен сабақтастығы көбірек айтылады. Мұның өзінде де мифтік аңыздық сипатының басымдығына этноқауымдастық өкілдерінің қауымдық санасы анағұрлым жақын тартқандығын байқауға болады. *Құмай құстың* мифтік мәтіндердегі орнына қатысты С.Қондыбай “*Құмай, күшіген, итала қаз – сары ала қаз*” секілді құстардың мифтік келтірілімін талдай келе, *Құмай құсқа* қатысты мынадай тұжырымдарды алға тартады. “*Құмай – алып құс, кейбір аңыздық деректерде оның бір қанатының өзі-ақ жайылғанда күннің көзін көлегейлеп тастайтындығы айтылады. Осы құстың бейнесі, тегі екі түрлі бейне – ит пен құстың тұтасуынан шыққан, сондықтан құмайдың байырғы мифтік келтірімдерде мынадай тұрпатты болғандығын топшылауға болады.*

1. *Құмай дегеніміз – ит (тазы). Халықтың айтуынша ит пен құстан жаралған (Қыран құмай балапандарын жыртқыштыққа баулу үшін, түлкі, қарсақтың, қозы-лақты, кейде тіпті иттің күшіктерін тірідей ұяға көтеріп апарып тастайды екен. Қыран құстың балапандары әлгі жемтіктерінің көбін басып жесе де, кейбірімен ермектеп ойнап, бірге өмір кешеді. Осындай мүмкіндікті тазы иттің қу күшіктері пайдаланып қалатын болса керек. Қыран әкелген тамақты балапан мен күшік бөлісіп жейтін болған. Осындай достасқан өмір аяқталып, балапан ұядан ұшып кеткенде, құзы күшік ұяда қалады. Биік жартастас пен қия беттегі құмай ұясында жападан жалғыз шошына, зарыға қыңқылдаған күшіктің дауысын саятшылар, малишьялар естіп ұядан алады. Ал ондай күшіктер әдетте ұиқан құспен теңестіріп жүйрік болып келеді екен. Сондықтан ел арасында ұядан тапқан күшікті құмай тазы деп атап кеткен. Және ондай күшікке деген елдің құрметі ерекше болған деседі. Ұядан тапқан күшік «құмай құстың жұмыртқасынан шыққан» деген куәліктің тарауына мифтік серпін беріп, аңыз болып дәріптеліп, ел ішінде оның құстан туғандығына мифтік сенім орныққан).*

2. *Құмай дегеніміз – құс. Құмай өзінің ұясын адам жете алмас жерлерге салып, жұмыртқа басады, оның жұмыртқаларынан құс емес, күшіктер шығады екен.*

3. *Құмай дегеніміз – жартылай ит, жартылай құс кейіпті мақлұқ немесе қанатты ит” - деген топшылауларынан құмайды айтқанда тазы туралы ассоциацияның санадағы туындауы бір кездегі мифтік түсініктердің сарқыншағы деп қабылдауға болады. Тілдегі мифтік сипаты басым құстардың бұл күндері қатары сиреген, қызыл кітапқа енгенгендігі, құс туралы түсініктің бұл күндері мифтік бояуын қалыңдатып жіберетіндігін де назарда ұстаған жөн. Сонымен қатар ғалымның пайымдауынша “*Құмай*” сөзінің көктүріктік “*Ұмай*” есімімен байланыстырып жүргендер де бар. Мәселен, қырғыздарда “*ұмай*” деп аталған ою-өрнек үлгісі бар, мұндағы ою-өрнек құс белгісін елестетеді екен. Расында да қырғыз келтіріміндегі *Ұмай* – ертегілік құс. Мифтік құмайдың “*түп ана*” сипатына ие болуына қарағанда, оның *Ұмаймен сабақтас болуы жоққа шығарылмайды. Ал түрікпендердегі Хұмай – өзінің көлеңкесі түскен пендесіне құт-бақыт әкелетін мифтік құс делінеді. Парсы фольклорындағы “Хумаюн”, көне орыстық кітаби фольклордағы “гамаюн” құстарының бейнелері мен есімдері түркінің “құмай” бейнесі мен сөзінен өрбіген болар деп шамаланады. Парсы түсінігінде хумаюның көлеңкесі түскен пенде бақытқа не патша тәжіне ие болады. Ал осындай түрікпендік және парсылық мысал қазақтағы “дәулет құс” бейнесіне тән болып шығады. Құмай құсты кейде алып (ғаламдық)**

ағаштың бұтақтарына балап басып отырған Шыңырау деген алып құс түрінде келтірген” дегенді айтады [2, 160-166]. Құмай құс туралы мифтік әңгімелер тек бір ғана этнос мәдениетінде емес, көптеген этностарға тікелей қатысы барлығын ескеретін болсақ Құмайдың мифтік мазмұнының арта түсетіндігін байқауға болады.

Т.Тәшенов “Құмайды неге қадірлей алмай жүрміз?” деген ғылыми-танымдық мақаласында Құмай құстың тек қазақ (түркілік) мифологиядағы бейнесін ғана емес, әлем халықтарының мифологиясына қатысын былай сөз етеді. “Өзбектің атақты шайыры Әлішер Науай құмайды (бақыт құсы) жер бетіндегі жаны барлардың ішіндегі ең мейірімдісі деп сипаттапты. Сондықтан да Өзбекстанның елтаңбасының қақ ортасында қанатын жайған құмай бейнеленген. Парсы мен араб аңыздарында құмай құсының көлеңкесі түскен адам патша болады, ал құмайды өлтірген адам қырық күннен ары ұзамайды делінеді. Құмай славян аңызында адамдарға құдайлық әндер салып беретін әйелбасты Гамаюн құсы ретінде бейнеленеді. Ол көне грек аңызынан ауысқан. Феникс құсқа қатысты ертегі де құмайға байланысты болуы мүмкін. Ежелгі Египетте Феникс атты алтын қанатты құс өмір сүріпті деседі. Аңыздағы мәңгі өмір сүретін құс бес ғасыр жасайды екен. Және ұзақ өмірінің соңында Феникс Күн пірі Рағибадханасына келіп қонады. Көпшілік құсқа сый-сыяпат жасап, құрмет көрсетеді. Рәсім соңында оны өртейді. Үш күннен кейін Феникс күлінен қайта түрленіп, тіріліп шығады. Жалпы, құмай құс туралы аңыз зороастрылық мифологиядан белгілі. Онда ол барлық құстардың патшасы Самұрық деп аталынады. Самұрық әйел кеуделі алып бүркіт немесе арыстан басты жыртқыш құс кейпінде тұмарда жиі пайдаланылған” [5].

Құмай құстың мифтік мазмұнына қатысты деректердің этнос санасынан берік орын алғанымен, тілдік қолданыстағы аңыздық деректері тілдік фактілері аз сақталған. Алайда санадағы сарқыншақ Құмай құстың қосиетін күні бүгінге дейін жеткізгендігі адам жадының жасампаздығын көрсетеді.

**Талқылау.** Орнитонимдердің мифологиялық бейнесін лингвистикалық аспектіде қарастырудың нәтижесінде орнитологиялық бірліктердің семантикалық өрісін, мәдени танымдық коннотациясын, әрі семантикалық таңбасын тану үшін, мифтік, архетиптік образын ашуға мүмкіндік береді. Мифологиялық тұрғыдан қарастырғанда орнитологизмдер үш әлемнің елшісі, үш әлемді бір бірімен байланыстырушы қызмет атқарады. Мифологиялық кеңістіктегі әрбір орнитонимдер өзіндік жекелеген символикалық қызметті атқарады. Мәселен, Бүркіт – еркіндіктің, Аққу – махаббаттың, Қарлығаш – достықтың, т.б. символы ретінде көрініс табады. Қазақ тіліндегі орнитологизмдердің мифологиядағы көрінісін сөздердің қосалқы аталымдарымен (эфвемизм, дисфемизм, табу, тыйым сөздер) де сабақтастықта қарастыруға болады. Мәселен, тілдік қолданыстағы ит-құс атауы, аққуды атпау, қарлығаштың ұясын бұзбау, аққуды, сары ала қазды, бұлбұлды сыңарынан айырмайды, қолға ұстамайды. Мұндай әрекеттердің ар жағында киелі құс ретінде бағалайтын, бұларға қарсы әрекет жасаса табиғат шамырқанып, заман ақыр, жер тақыр болады дейтін өзіндік мистикалық түсінік қалыптасқан.

**Қорытынды.** Сонымен қазақ мифологиясындағы орнитонимдердің негізінде көптеген прецедентті мәтіндер, тілдік бірліктер, поэтикалық образды сөздер қалыптасқан. Аталған тілдік бірліктер арқылы этностың дүниетанымын, қоршаған ортаға деген көзқарасын, мәдениеті мен бүтіндей салт-санасын көруге болады. Этностың дүние туралы түсінігінің бастауында мифтік танымның жатқандығын растайтын куәліктің бірі ретінде орнитонимдердің қатыса алатындығы ұлт мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді. Мифологиялық мәтіндердегі орнитонимдер көне дәуірдің құпиясын бүгінгі күнге жеткізуші қызмет атқарады. Қазақ мифологиясындағы орнитологизмдердің тілдік қолданыс өрісі мен когнитивтік семантикасын былайша тұжырымдауға болады:

- Мифологиялық мәтіндердегі орнитонимдер табиғат пен адамның арасын жақындатады;
- Мифологиялық мәтіндердегі орнитонимдер тұрмыстық өмірдегі көптеген ырым-тыйымдар мен салт-жоралғылардың қалыптасуына арқау болған;
- Мифологиялық мәтіндердегі орнитонимдер тіл арқылы метафораланып, мәдени кодқа түсіп, символдық мәнге ие болған;
- Мифологиялық мәтіндердегі орнитонимдер сөздердің қосалқы аталымдарының қалыптасуына түрткі болған.
- Мифологиялық мәтіндердегі орнитонимдер өткен мен бүгінгі күннің арасын жалғап, болашаққа деген жолдың бағдаршамы іспеттес категория;
- Мифологиялық мәтіндердегі орнитонимдер тілдік қолданыстағы тілдік бірліктер мен көркем туындылардың қалыптасуына ықпал етуші бірлік саналады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Қондыбай С. *Арғы қазақ мифологиясы. 3-кітап.* – Алматы: Арыс, 2008. – 544 б.

2 Қондыбай С. *Арғы қазақ мифологиясы. 4-кітап.* – Алматы: Арыс, 2008. – 536 б.

3 Ғабитханұлы Қ. *Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі.* – Алматы: Арыс, 2006. – 168 б.

4 <https://kk.wikipedia.org/wiki>

5 Тәшенов Т. *Құмайды неге қадірлей алмай жүрміз?* // [http://www.elarna.net/koru\\_kk.php?tur=5&id=327232](http://www.elarna.net/koru_kk.php?tur=5&id=327232)

*References:*

1 Kondybai S. *Argy Kazak mifologiasy. 3-kitap.* – Алматы: Арыс, 2008. – 544 b.

2 Kondybai S. *Argy Kazak mifologiasy. 4-kitap.* – Алматы: Арыс, 2008. – 536 b.

3 Gabithanuly K. *Kazakh mythology'synyn tildegi korinisi*. – Almaty: Arys, 2006. – 168 b.

4 <https://kk.wikipedia.org/wiki>

5 TAsenov T. *Kumaidy nege Kadirlei almai jurmiz?* // [http://www.elarna.net/koru\\_kk.php?tur=5&id=327232](http://www.elarna.net/koru_kk.php?tur=5&id=327232)

МРНТИ 16.21.47

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.08>

Жуманова А.К.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби,  
Алматы, Казахстан*

## ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССА ОСВОЕНИЯ ИНОЯЗЫЧНЫХ АББРЕВИАТУР

### *Аннотация*

Данная статья рассматривает вопрос происхождения иноязычных аббревиатур и позволяет читателю понять методы использования аббревиатуры, как в повседневной, так и в научной среде. Обогащение словарного состава новыми аббревиатурами – один из важнейших факторов в языке. На современном этапе развития, когда во всех языках имеются заимствованные слова, понятие смысла аббревиатур позволяет правильно и четко раскрыть суть содержания любого текста. Кроме того, можно добавить, что основными причинами заимствования являются потребность в наименовании нового явления; специализация понятия; актуальность на иноязычное слово; коммуникативная актуальность понятия, обозначаемого заимствованными аббревиатурами. Появление иноязычных аббревиатур в языке — процесс непрерывный, находящийся под влиянием социально-экономических и политических изменений. Многочисленные словари аббревиатур дают исследователю не только обширный лексический материал, но и культурно-исторический, социально-политический.

**Ключевые слова:** неология, аббревиатура, иноязычные аббревиатуры, классификация, лексикология, рецепиент

*Zhumanova A.*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan*

## FEATURES OF THE PROCESS OF LEARNING FOREIGN LANGUAGE ABBREVIATIONS

### *Abstract*

This article examines the issue of the origin of foreign language abbreviations. It allows the reader to understand the methods of using the abbreviation, both in everyday life and in the scientific environment. Enriching the vocabulary with new abbreviations is one of the most important factors in the language. Nowadays, when all languages have borrowed words, the concept of the meaning of abbreviations makes it possible to correctly and clearly reveal the essence of the content of any text. In addition, the main reasons of borrowing are the need to name a new phenomenon; specialization of the concept; relevance for a foreign language word; communicative relevance of the concept denoted by borrowed abbreviations. The emergence of foreign language abbreviations in a language is a continuous process influenced by socio-economic and political changes. Numerous abbreviation dictionaries provide the researcher with not only extensive lexical material, but also with cultural, historical, socio-political.

**Keywords:** neology, abbreviation, foreign language abbreviations, classification, lexicology, recipe

*Zhumanova A.K.*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

## ШЕТ ТІЛДІК АББРЕВИАТУРАЛАРДЫ МЕНГЕРУ ПРОЦЕССІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### *Аңдатпа*

Бұл мақала шет тіліндегі аббревиатуралардың шығу тегі туралы мәселені қарастырады да оқырманға аббревиатураны күнделікті өмірде де, ғылыми ортада да қолдану әдістерін түсінуге мүмкіндік береді. Сөздік